

30.01.2019

## Тұғыры биік Қазақ Елі Өзбекстандағы Қазақстан жылы



2019 жылы Өзбекстандағы Қазақстан жылы болып жарияланды. Қос мемлекеттің ынтымақтығы тәуелсіздік алған сәттен бастап жаңа сипатта дамып, нығая түсуде. Осыған байланысты Арқалық қаласындағы Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімі «Тұғыры биік Қазақ Елі» атты кітап көрме ұйымдастырып, библиографиялық шолу жасады.

Көрменің мақсаты: Қос мемлекетіміздің достық қарым – қатынастарымен таныстыру, мәдениеттері мен тарихтарын терең насихаттау.

Қазақ пен өзбек – түбі бір туысқан халықтар. Екі елдің арасындағы тарихи қарым – қатынас бауырластық пен достыққа негізделген. Қазақстан мен Өзбекстан бұл байланысты тәуелсіздік жылдары сақтап қана қоймай, нығайтып, жаңа деңгейге көтерді. Көрмеге қойылған кітаптар беттерінде екі мемлекеттің мәдениеттері мен өнерлері, тарихи деректері мен салт – дәстүрлері жайлы материалдар топтастырылған. Сондай – ақ қазақ, өзбек ақын жазушыларымыздың көптеген аудармалары мен шығармаларымен танысуға болады.

Барлық оқырман қауымды көрмемен танысуға шақырамыз!

